



Құрметті студент!

2018 жылы «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес - 3» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B051000	«Мемлекеттік және жергілікті басқару»	1. Экономика қағидалары 2. Макроэкономика 3. Мемлекеттік басқару теориясы 4. Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Экономика қағидалары
2. Макроэкономика
3. Мемлекеттік басқару теориясы
4. Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру

2. Тестілеу уақыты – 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.
7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!
8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Экономика қағидалары

1. Экономиканы ұйымдастырудың негізгі мәселесі қарастырады:
 - A) қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатындағы шаруашылық іс-әрекетті
 - B) қандай игіліктерді өндіруді
 - C) қалай өндіруді
 - D) аталған мәселелердің жиынтығын
 - E) кім үшін өндіруді
 - F) қандай сегменттер үшін өндіруді

2. Ұдайы өндірістің жай өндірістен айырмашылығы:
 - A) экономика салаларының өзара байланысында
 - B) бір өнім партиясын өндіріп шығару нәтижесінде
 - C) тұтыну немесе айырбас құнын жасауда
 - D) қоғамдық өндірісті қарастыру әдістері өзгешелігінде
 - E) өндірістің үздіксіз қайталану процесінде
 - F) өндіріс процесінің ұзақ мерзімді іске асуында

3. Меншіктің анықтамасы:
 - A) Материалдық игіліктерді айырбастау жөніндегі қатынастар
 - B) Адамдардың арасындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастар
 - C) Адамға байланысты туындайтын қарым-қатынас
 - D) Өндірілген еңбек өнімдерін және жұмысшы күші иелері
 - E) Адамдардың арасындағы меншік иесін анықтайтын қатынастар

4. Төмендегі тұжырымдаманың дұрысы:
 - A) экономикалық заңдар адамдардың еркі мен қалауынан тыс өз-өзінен пайда болады
 - B) құқықтық заңдарға ұқсас
 - C) экономикалық заңдар табиғи заңдардан ерекше қызмет етеді
 - D) экономикалық заңдар адам санасына тәуелді, адамдар оларды белгілейді
 - E) экономикалық және табиғат заңдары
 - F) табиғат заңдарына ұқсас

5. Монополия кезіндегі нарықтық жағдай:
 - A) рыноктағы жалғыз кәсіпорынның айрықша билік ету құқығы
 - B) бір сатушы және көптеген тұтынушылар
 - C) бір сатушы мен бір тұтынушы
 - D) бір сатып алушы және көптеген сатушылар
 - E) көп ірі фирмалардың нарықтық билігі
 - F) көптеген тұтынушылар мен көптеген сатушылар
 - G) рыноктағы бір фирманың үстемдік етуі

6. Нарықтық экономиканың принциптері:

- A) Тауарлар мен қызметтерге бағаны мемлекеттік реттеу
- B) Тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдау
- C) Жетілген бәсеке
- D) Кәсіпкерлік қызығушылық
- E) Экономиканы толықтай орталықтан басқару
- F) Интенсивті өндіріс

7. Экономикалық құбылыстардың көрсеткіштері:

- A) кәсіпорын, фирмалар
- B) шикізат
- C) табиғи ресурстар әлеуметі
- D) аймақтық орта
- E) өндіріс факторлары мен өндіріс нәтижелері
- F) табиғи орта
- G) қаржы ұйымдары

8. Монополия рыногына тән жағдай:

- A) бір ғана сатушы және сатып алушы
- B) бір сатушы көп сатып алушыларға қарсы
- C) рынокта бір ғана сатып алушы
- D) қатысушылар саны көп және нарыққа ену еркіндігі
- E) аздаған сатып алушы көптеген сатушыға қарсы

9. Таза монополия жағдайдағы нарық баға белгілеу саясатында:

- A) киім нарығына шығу
- B) тек қана бір сатушы болады
- C) мемлекеттік субсидия алу
- D) тауарды жаңарту
- E) мемлекеттік реттеуің өзгерту
- F) тауарды тауарға айырбастау

10. ЖІӨ:

- A) экономикалық циклына байланысты
- B) елдің ішінде де, сыртында да елдің барлық тауар өндірушілерімен өндіріледі
- C) мемлекеттің территориясындағы барлық өндірушілердің белгілі бір кезең ішінде өндірген түпкі тауарлары мен көрсеткен қызметтерінің нарықтық құнын білдіретін жиынтық көрсеткіш
- D) макроэкономикалық көрсеткіштердің бірі, бір жылда елдің ішінде осы елге, сондай-ақ өзге де елдерге тиесілі өндіріс факторларын пайдалана отырып жасалынған түпкілікті өнімнің рыноктық бағалармен белгіленген жиынтықты құнын білдіреді
- E) ұлттық белгісіне қарамастан белгілі бір елдің аумағында орналасқан кәсіпорындармен өндіріледі

11. ЖҰӨ дефляторы:

- A) номиналды ЖҰӨ-ң нақты ЖҰӨ -ге қатынасы
- B) бағалы индекс, экономикадағы белгілі бір уақыт мерзіміндегі тауар және қызметтердің бағалар өзгеруін өлшейді
- C) нақты ЖҰӨ-ң нақты ЖІӨ -ге қатынасы
- D) экономикалық цикл
- E) жұмыссыздық деңгейін көрсетеді
- F) номиналды ЖІӨ-ң нақты ЖҰӨ -ге қатынасы
- G) базисті жылға қарағанда есеп беру жылындағы өнімнің баға бірлігінің өзгеруін көрсетеді

12. Өндірістің негізгі факторлары К. Маркс ойынша:

- A) еңбек заты
- B) ақпараттық ресурстар
- C) жер, капитал
- D) еңбек құралы
- E) еңбек, кәсіпкерлік
- F) адамдар жасаған игіліктер
- G) табиғи ресурстар

13. Басқа жағдайлар тұрақты болғанда, өндіріс факторларына сұраныстың икемді болуы:

- A) бағалары өте жоғары болады
- B) бағалары төмендейді
- C) өндіріс шығындары азаяды
- D) өндіріс шығындарын жоғарылатады
- E) өндірістің арзан факторларын ығыстырып шығарады

14. Өндірістің негізгі факторлары (маржинализм бойынша):

- A) Ақпараттық ресурстар
- B) Еңбек
- C) Капитал
- D) Кәсіпкерлік
- E) Адам ресурстары, табиғи ресурстар

15. Капитал құн өтеу орны болғанда, ол толық айналым жасайды:

- A) Айнымалы капитал
- B) Жалған капитал
- C) Жеке капитал
- D) Тауар капиталы
- E) Нақты капитал

16. АӨК негізгі саласы жер жырту технологиясы:

- A) Сілтесіздендіру тәсілі
- B) Қарапайым ирек тәсіл, қопару тәсілі
- C) Қопару тәсілі
- D) Ирексіз күрделі тәсіл
- E) Күрделі ирек тәсіл, күрделі ирексіз тәсіл
- F) Жер жырту тәсілі
- G) Күрделі ирек тәсіл, сілтесіздендіру тәсілі

17. Экономикалық заңдар:

- A) адамдар арасындағы экономикалық қатынастарды бейнелеу формасы
- B) нарықтық конституциясы
- C) өндірістік қатынастардағы елеулі және тұрақты байланыстар
- D) экономикалық құбылыстар туралы формальды түсініктер
- E) экономикалық құбылыстардың елеулі жақтарын анықтауға мүмкіндік беретін ғылыми абстракция
- F) арнайы және жалпы шаруашылық жүргізі тәртібі

18. ЖҮӨ шығындар бойынша есептеледі:

- A) тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу
- B) тұтыну шығындары
- C) меншіктен пайда
- D) пайда
- E) жалақы
- F) инвестициялар
- G) рента

19. Дж. Кейнстің теориясына сәйкес, экономиканың циклдылығы байланысты:

- A) Табиғи факторлардың әсер етуіне
- B) Климаттық факторлардың әсер етуіне
- C) Инвестициялық шығындардың тұрақсыздығына
- D) Адамдардың жинағын арттыруға бейімделуіне
- E) Жиынтық сұранысқа басым әсер етуші факторларға

20. Экономикадағы циклдық өзгеріске алып келетін ішкі факторларға жатады:

- A) Инвестициялау
- B) Саяси үдерістер
- C) Тұтыну
- D) Жинақтау
- E) Кәсіпорынның қалыптасуы
- F) Соғыстар
- G) Табиғи апаттар
- H) Ақша массасы

21. Циклдық жұмыссыздық:

- A) тек қана дамыған елдерде болады
- B) институционалдық жағдайларды қалыптастырады
- C) ерікті экономика жағдайында болады
- D) экономикалық өсу жағдайында өседі
- E) тек қана адамдар санымен
- F) тауарлар мен қызметтерге жиынтық сұраныс азайғанда болады
- G) құлдырау кезеңінде болады

22. Жұмыссыздықтың жақсы жағы:

- A) жұмыссыздық жоғары болғанда, жұмыс күшінің бағасы төмендейді
- B) жұмыссыздар арасында бәсеке артады, жұмыс күшінің сапасы өседі
- C) экономикалық потенциалды толығымен пайдаланбау
- D) ұлттың психикасының бұзылуы
- E) инновациялардың өсуіне әсер етеді
- F) отбасының, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі
- G) біліктілікті жоғалту

23. Банктің белсенді операцияларына жатады:

- A) ақшаларды алмастыру
- B) несие төлемдерін бақылау
- C) түрлі облигацияларды эмиссиялау
- D) несие беру
- E) алтын валюталы қорды сақтау
- F) салымдарды тарту

24. Айналыстағы ақша көлемінің өсуіне тікелей әсер етеді:

- A) шығарылатын өнім бағасының өсуі
- B) нарықтағы шығарылатын өнім бағасының өсуі
- C) ақша айналымының жылдамдығының төмендеуі
- D) бағалардың төмендеуі
- E) шығарылатын өнім санының азаюы
- F) қолма-қол ақшасыз есептің өсуі

25. Еркін сауда саясаты – бұл:

- A) Кедендік тарифтердің болмауы
- B) Кедендік тарифтер мен квоталардың болуы
- C) Экспорттық және импорттық субсидиялардың және квотаның болмауы
- D) Өнімдерді сату мен әскери бағытталған құралдар
- E) Шетелдік бәсекеден ұлттық экономиканы қорғауға бағытталған саясаты

Экономика қағидалары
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Макроэкономика

1. Тұтыну бағаларының индексі:

- A) Статистикалық көрсеткіш
- B) Инфляциямен байланысты
- C) Теріс шама
- D) Таза экспортқа тәуелді
- E) Бағалар деңгейінен тәуелсіз

2. Макроэкономикалық талдаудың негізгі мәселелері:

- A) Ұлттық өндірістің серпіні
- B) Жалақы мөлшері
- C) Өндіріс тиімділігін арттыру
- D) Еңбек өнімділігін арттыру
- E) Жұмыспен қамту
- F) Баға деңгейі

3. Тұтыну бағасының индексі:

- A) Қашанда икемді
- B) Жанама салықтарға байланысты
- C) Тұтыну шығындарына байланысты
- D) Қызметтер мен тауарлар «қоржынының» орташа баға деңгейінің өзгеруін сипаттайды
- E) «Қоржынның» құрамы базалық жыл деңгейінде шектеледі
- F) Ласпейрес индексі

4. Бағалар индексі өскенде:

- A) Таза жеке инвестициялар өседі
- B) Тұтыну «қоржынының» орташа бағалары өседі
- C) Өмір сүру деңгейі төмендейді
- D) Пааше индексі теріс санға тең болады
- E) Нақты ЖІӨ кемиді

5. Макроталдаудың негізгі мәселесі:

- A) әлеуметтік теңсіздік мәселесі
- B) тепе-тең бағаны бекіту
- C) биржалық инфрақұрылым дамыту
- D) макротұрақтылықты қалыптастыру
- E) жеке субъектілердің қызметін талдау
- F) ұлттық экономикаға әсер ететін негізгі факторларды анықтау

6. Қорлар:

- A) Мемлекеттік бюджет артықшылығы
- B) Ел экономикасындағы капитал
- C) Мемлекеттік бюджет
- D) Мемлекеттік бюджет тапшылығы
- E) Жыл соңындағы жұмыссыздыр саны
- F) Бір айдағы шетелден келген туристердің саны

7. Жиынтық сұраныс көлемінің динамикасына әсер ететін бағалық факторлар:

- A) Манделл-Флеминг әсері
- B) Кейнс үлгісі
- C) Кейнс әсері
- D) Шерман заңы
- E) Клейтон заңы
- F) Харрод-Домар үлгісі
- G) Пигу әсері

8. AS-тің бағадан тыс факторлары:

- A) Бағалар деңгейі
- B) Технологиядағы өзгерістер
- C) Пайыз мөлшерлемесінің салдары
- D) Байлық салдары
- E) Ақша айналысының жылдамдығы
- F) Ақша ұсынысы
- G) Фирмаларға салынған салықтар

9. Жиынтық сұраныс өзгеруін сипаттайтын $MV = PY$ теңдеуінде:

- A) Y – таза ұлттық өнім
- B) V – экономикадағы шығын мөлшері
- C) Y – шығарылған өнімнің нақты көлемі
- D) P – экономикадағы баға деңгейі
- E) M – экономикадағы ақша мөлшері

10. Ұсыныс жағынан сілкініс болған жағдайда:

- A) Нақты жалақы өседі және инвестициялық шығындар көбейеді
- B) Жиынтық ұсыныс өседі
- C) Жұмысбастылық төмендейді
- D) Баға да, өнім көлемі мен жұмысбастылық та өседі
- E) Баға өседі
- F) Атаулы жалақы өседі және инвестициялық шығындар көбейеді

11. Тұтыну функциясының графигіндегі көлбеулігі 45° болатын түзуде:

- A) Нақты инвестициялар мен қор жинау теңдігі сақталады
- B) Үй шаруашылықтарының табыстың әр деңгейіне сәйкес болатын жинақтау сомаларын анықтаймыз
- C) Жинақтаудың ең үлкен деңгейіне сәйкес нүктелерді анықтаймыз
- D) Инвестициялық сұраныстың өзгеруі байқалады
- E) Жинақтау мен инвестициялар теңдігі бұзылады
- F) Нақты және жоспарланған шығындар бір-біріне тең болады

12. Кейнс кресі үлгісіндегі іс жүзіндегі өнім шығару көлемі Y_1 тепе-теңдік

Y_0 көлемнен артса, онда:

- A) Тауарлы материалдық қор өседі
- B) Жиынтық сұраныс жиынтық ұсыныстан артық болады
- C) Фирмалар өндіріс пен жұмысбастылықты ұлғайтады
- D) Тауарлы материалдық қор қысқарады
- E) Фирмалар тұтынушылар сатып алуға дайын көлемнен аз шығарады
- F) Қор жинақтары іс жүзіндегі инвестициялардан артық болады

13. Ақша ұсынысын азайту туралы шешім қабылдау үшін Ұлттық банк:

- A) Міндетті резервтер мөлшерлемесін азайтуы мүмкін
- B) Есептеу мөлшерлемесін көбейтуі мүмкін
- C) Ақша басып шығаруы мүмкін
- D) Ашық нарықта мемлекеттік облигацияларды сатуы мүмкін
- E) Міндетті резервтер мөлшерлемесін арттыруы мүмкін

14. Дж.М.Кейнс бойынша ақшаға сұранысты туындататын, өтемпаздыққа артықшылық берудің себепті уәждері:

- A) Трансакциялық
- B) Ескерту
- C) Сақтық
- D) Экзогенді
- E) Делдалдық

15. Ақшаның негізгі қызметі:

- A) Өндірісті реттеу құралы
- B) Инфляция құралы
- C) Айырбас құралы
- D) Байланысы жоқ
- E) Өлшем бірлігі
- F) Төлем құралы
- G) Байлық жинау құралы

16. IS қисығының солға жылжуының себептері:

- A) Инвестициялық шығындардың азаюы
- B) Мемлекеттік шығындардың өсуі
- C) Тұтынушы шығындарының өсуі
- D) Салықтардың көбеюі
- E) Инвестициялық шығындардың өсуі
- F) Жинақтардың азаюы
- G) Салықтардың азаюы

17. Графикте LM қисығынан жоғары жатқан нүктелерде:

- A) Ақшаға сұраныс оған ұсыныстан көп
- B) Ақша ұсынысы оның сұранысынан көп
- C) Игіліктер нарығында артықшылық
- D) Ақша нарығында артықшылық
- E) Тауарлы- материалдық қордың өсуі байқалады
- F) Ақшаға тапшылық байқалады
- G) Ұлттық табыс көлемі жоспарланған шығындардан кем

18. Инфляция кезінде:

- A) Нақты пайыз мөлшерлемесі атаулы пайыз мөлшерлемесінен төмен болады
- B) Тауарлардың салыстырмалы бағасы төмендейді
- C) Ақшаның сатып алу қабілеті төмендейді
- D) Жұмыссыздық деңгейі артады
- E) Атаулы пайыз мөлшерлемесі нақты пайыз мөлшерлемесінен төмен болады
- F) Қарыз алушы ұтылады, қарыз беруші ұтады
- G) Ақша құнсызданады

19. Инфляция қарқынын төмендету шаралары:

- A) Дефляция
- B) Дезинфляция
- C) Стагфляция
- D) Депрессия
- E) Рецессия
- F) Инвестиция
- G) Дефлятор

20. Сұраныс инфляциясының ақшалық факторлары:

- A) Нанның арзандауы
- B) Жол ақысының өсуі
- C) Трансферттік төлемдер
- D) Әскери шығындардың өсуі
- E) Халық санының азаюы

21. Ағымдағы операциялар бойынша Қазақстан мемлекетінің балансында тапшылық болса:

- A) Экспорт көлемі қысқартылады
- B) Экспорт қаржыландырылады
- C) Экспорт көлемі ұлғайтылады
- D) Тапшылық қаржыландырылады
- E) Импортқа салық салынады
- F) Ауыспалы валюта бағамы көтеріледі
- G) Фиксалдық саясат жүргізіледі

22. Ашық экономикада макроэкономикалық саясаттың мақсаты:

- A) Ішкі макроэкономикалық реттеулер
- B) Бейрезиденттерге тауар мен қызмет сатудан түсетін барлық түсімді көрсету
- C) Ауыспалы валюта бағамын көтеру
- D) Сауда балансының жай-күйін бейнелеу
- E) Ішкі және сыртқы тепе – теңдікке бір уақытта қол жеткізу
- F) Тіркелген валюта бағамы жағдайында капиталдың абсолютті икемділігі

23. Шағын ашық экономикаға қатысты пікірлері дұрыс:

- A) Инвестициялар мөлшері әлемдік пайыз мөлшерлемесіне тәуелді
- B) Сауда балансының сальдосы міндетті түрде нөлге тең
- C) Таза қызметтер мен таза ағымдағы трансферттер оң мөлшерді құрайды
- D) Ұлттық жинақ ақша инвестицияға тең болады
- E) Таза экспорттың мөлшері ұлттық кіріске тәуелді
- F) Импорттың мөлшеріне тәуелді
- G) Импорттың мөлшері импорттауға шекті бейімділікке тәуелді
- H) Жабық экономика шығысы мультипликатор мөлшеріне тең

24. Егер неміс маркасының долларға шаққандағы бағасы (1 марка) 50-ден 45 центке түссе, онда Германияда бағасы 150 маркамен сатылатын магнитофонның құны (доллармен) қалай өзгереді?

- A) 10 долларға түседі
- B) Әр маркадан 5 центке кемиді
- C) 15 долларға өседі
- D) 8 долларға түседі
- E) 15 долларға арзандайды
- F) 7,50 долларға өседі

25. А елінде капиталдың шекті өнімділігі $1/5$, ал В елінде – $1/3$. Тұтынуға шекті бейімділік екі елде де бірдей. Домар үлгісі бойынша нақты өнім өндірудің өсу қарқыны А елінде:

- A) В елінің өсу қарқынынан 40% төмен
- B) В еліндегі өсу қарқынынан 60% артық
- C) В еліне қарағанда 45% төмен
- D) В еліне қарағанда 40% жоғары
- E) В еліне қарағанда 13% төмен

Макроэкономика
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Мемлекеттік басқару теориясы

1. «Мемлекеттік басқару теориясы» курсының мазмұны ішкі логикалық құрылымына қарай негізгі бөлімі:

- A) мемлекеттік басқарудың нормалары, қағидалар
- B) мемлекеттік басқарудың жүйесі және мемлекеттік басқарудың механизм
- C) мемлекеттік басқарудың әдістемелік негіз
- D) мемлекеттік басқарудың құқықтық нормалар
- E) мемлекеттік басқарудың ерекшеліктері, әдістері, мемлекеттік және қоғамдық қатынастар

2. Аристотельдің жіктеу кезеңінен бастап мемлекет билік күшінің бастауы мен егеменді иесі бойынша бөлінуі:

- A) аристократиялық
- B) демократиялық
- C) тәуелсіз
- D) федеративтік
- E) біртұтас

3. Мемлекеттің басты белгілері ретінде бөліп көрсетуге болады:

- A) Көп ұлттық
- B) Бостандық және жариялылық
- C) Тұлғаның бостандығы мен құқығын қамтамасыз ету
- D) Территория және билік
- E) Тұрғындар және территория
- F) Биліктің бағыныштылығы
- G) Құқықтық заңның ұлықтылығы

4. Мемлекеттік орган мемлекеттік басқаруды функция және басқару функциялары танып білінеді:

- A) әсердің субъектісі бойымен
- B) құзырлар бойымен
- C) реттеудің деңгейлері бойымен
- D) әсердің көлемі бойымен
- E) өткізудің қаржы бойымен

5. Мемлекет ұғымы келесі мағынада анықталады:

- A) Аумақ
- B) Кәсіби бірлестік
- C) Халықаралық бірлестік
- D) Ақпараттық бірлестік
- E) Одақ
- F) Өркениет
- G) Қоғам

6. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі қосалқы қызметтер:

- A) Аймақтық қызметтер
- B) Тікелей қызметтер
- C) Бухгалтерлік қызметтер
- D) Ауылшаруашылық қызметтер
- E) Провинциал қызметтері

7. Мемлекеттік басқарудың ерекшелігі және потенциалы:

- A) Экономикалық тәртіп
- B) Жүйелілік
- C) Зандылық
- D) Мемлекеттің өктемді күші
- E) Саяси тәртіп
- F) Мемлекеттің халықаралық саясатын жүргізуде, басқарудың басқа адамдар қоғамына таралуы

8. Әлеуметтік жүйеге мемлекеттік басқарудың ықпалы әкімшілік-аумақтық құрылысымен байланысты, яғни:

- A) Биліктік-басқарушылық өкілеттіктердің болуы
- B) Көп топтық мүдделердің болуы
- C) Әкімшілік-аумақтық құрылымның жасақталуы
- D) Лоббизмнің болуы
- E) Мемлекеттік биліктің жоғарыдан басқарылуының қамтамасыз етілуі

9. Мемлекеттік басқару субъектілерінің қызметі бірнеше белгілермен сипатталады:

- A) субъектілер қандай да бір күштердің әсерінен тәуелсіз
- B) құқығы мен қызметтеріне байланысты
- C) билік жүргізу мен басқару әрекеті бойынша
- D) заңмен реттеледі; ресми рұқсат етілген әдістер қолданылады
- E) саяси белгісіне сәйкес
- F) атқаратын қызметтерінің сипатына сай болып табылатын, белгілі қызмет түріне құқығы бар

10. Мемлекеттік басқарудың субъектілері ықпал ету сипаты, мақсаттары және әдістері бойынша бөлінеді:

- A) Маңыздылық бойынша
- B) Мекемеге тиістіліктер бойынша
- C) Әдеп нормалары бойынша
- D) Экономикалық басқару
- E) Саяси жетекшілік

11. Мемлекеттік басқару ұйымдық құрылымдық буындарды келесі тұрғыда қарастырады:

- A) Министрлік және мекеме
- B) Мемлекеттік басқарудың субъектілерінің басшысы
- C) Жергілікті статистикалық басқару органдары
- D) Президент
- E) Президент және үкімет
- F) Үкімет

12. Мемлекеттік басқарудың ерекшелігін қалыптастыратын негізгі көрсеткіштер:

- A) Кешендік
- B) Икемділік
- C) Тиімділік
- D) Жүйелік
- E) Пропорционалдылық
- F) Басымдылық

13. Мемлекеттік басқару субъектісіне қатысты құқықтық реттеудің әдістері:

- A) Орталықсыздандырылған реттеу
- B) Экономикалық реттеу
- C) Жанама реттеу
- D) Орталықтандырылған реттеу
- E) Субсидиарлы реттеу
- F) Бағалық реттеу
- G) Нормативтік реттеу

14. Құқықтық қатынастардың түрлері:

- A) Ұзақ мерзімді
- B) Заңды және заңды емес
- C) Орта мерзімді
- D) Жанама
- E) Тура
- F) Қысқа мерзімді
- G) Материалдық және процессуалдық

15. Президенттік республиканы сипаттайтын негізгі элементтер
- A) Парламент сенімсіздің білдіру арқылы үкіметті орнынан түсіре алмайды, ал президент парламентті таратып жібере алмайды:
 - B) Халық билігі
 - C) Толеранттылық
 - D) Транспаренттілік
 - E) Сөз еркіндігі
16. Бюрократияның қызметінде ақаулардың пайда болу себептері:
- A) Орталықтандырылғандықтығы
 - B) Авторитарлық
 - C) Өте тиімді шешімдердегі қызығушылықтың жоқтығы
 - D) Сөз бостандығының болмауы
 - E) Басқарушы мамандардың жоқтығы
 - F) Жариялылықтың жоқтығы
17. Мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен сапасы байланысты:
- A) Басқару органындағы персоналдар санына
 - B) Күш жігеріне
 - C) Дайындық деңгейіне
 - D) Ұйымдық потенциалға
 - E) Халықтың территориялық бөлінуіне
 - F) Құрылымына
 - G) Дайындық сапасына
18. Қазақстан Республикасының Үкіметі:
- A) Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді
 - B) ҚР Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындау жөнінде ұсыныс жасайды
 - C) Республиканың мемлекеттік бағдарламаларын бекітеді
 - D) Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды
 - E) Республика Парламентіне және оның Палатасына кезекті және кезектен тыс сайлау мерзімін белгілейді
 - F) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Хатшысын қызметке тағайындау жөнінде ұсыныс жасайды
 - G) Парламенттің қаулыларын талдайды

19. Сенат депутаты бола алады:

- A) Жасы отызға толған, жоғары білімі бар ҚР азаматы
- B) Жасы жиырма беске толған, жоғары білімді адам
- C) Кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет атқарған азаматтар
- D) Бұрын Мәжіліске депутат болып сайланған адам
- E) Кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар, тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, не Республика астанасының аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұрып жатқан адам
- F) ҚР аумағында кемінде бес жыл тұрған өзге де ел азаматтары
- G) Қазақстан Республикасының азаматтығында тұратын және оның аумағында соңғы он жылда тұрақты тұрып жатқан адам

20. Азаматтық қоғам:

- A) саяси жүйеден тәуелсіз әрекет ететін және оған ықпал етуге қабілетті әлеуметтік қарым-қатынастар мен институттардың қоғамдастығы
- B) әлеуметтік саясатының негізгі бағыттарына ықпал ету қауымдастығы
- C) халықтан байсалдылық пен күш-жігерді талап етеді
- D) саяси жүйеден тәуелсіз әрекет ететін және оған ықпал етуге қабілетті әлеуметтік қарым-қатынастар мен институттардың және жеке индивидтер мен әлеуметтік субъектілердің қоғамдастығы
- E) экономикалық саясатының негізгі бағыттарына ықпал ету қауымдастығы
- F) дамудың бірнеше кезеңдерін қамтиды
- G) саяси жүйеден тәуелсіз әрекет ететін және оған ықпал етуге қабілетті жеке индивидтер мен әлеуметтік субъектілердің қоғамдастығы

21. Мемлекеттің қазіргі заманғы эволюциялық этапын сипаттайды:

- A) билеу мен билік ету қатынастары бар мықты деспоттық билік
- B) конфедеративті процестің кеңейтілуі
- C) халық мемлекеттік билікпен келісім шартқа отырып, саяси процеске араласты
- D) федеративті процестің кеңейтілуі
- E) федеративті және конфедеративті процестің кеңейтілуі

22. Басқарушылық қызметтің жалпылама белгілері:

- A) Зияткерлік және ақпараттық мазмұны
- B) Экономикалық объектілер
- C) Саяси объектілері
- D) Әлеуметтік объектілер
- E) Теориялық және тәжірибеге бағытталғандығы
- F) Рухани объектілер

23. Мемлекеттік аппаратты реформалаудың және мемлекеттік органдардың құзыреттерін анықтаудың негізгі принципі:

- A) Шағын кәсіби аппаратты құру
- B) Халықтың пікірін есепке алу
- C) ЖКХ пікірін есепке алу
- D) Әлеуметтік саланың қызметкерлерінің пікірін есепке алу
- E) КСК пікірін есепке алу
- F) Мекемелердің жетекшілерінің пікірін есепке алу

24. Құқықтық реттеу:

- A) Әлеуметтік, нормативтік пен тәжірибеліктің бірлігі
- B) Ұйғарым
- C) Мемлекеттік биліктік ұйғарымдар
- D) Әлеуметтік
- E) Бұйрықтар
- F) Сенім

25. Азаматтық қоғам қағидалары:

- A) барлығының заң мен сот алдында теңдігі
- B) әкімшілік жобалық актісін дайындайды
- C) жергілікті атқару органдарына есеп беру
- D) мәліметтермен бірге жоба дайындалады
- E) тұлға, қоғам мен мемлекеттің қызығушылық балансы мен жауапкершілігінің үйлесімділігі
- F) азаматтардың құқықтары мен босатандықтарына қол жетімділігі
- G) өңделген жоба сәйкес мәліметтермен бірге сараптама бөліміне жөнелтеді
- H) әкімшілік отырысқа кіргізілетін мәліметтерге, керек жағдайда, қосымша ақпараттық мәліметтер дайындалады

**Мемлекеттік басқару теориясы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру

1. Мемлекеттік қызмет келесі белгілермен сипатталады:

- A) ақпараттылық
- B) жауапкершілік
- C) жинақылық
- D) демократиялық
- E) бағынуы
- F) субординацияны сақтауы
- G) мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік орган қызметінде жеке еңбектік қатысуы

2. Мемлекеттік қызметтің төл белгілері – ол:

- A) ақпараттық қызмет
- B) атқарушылық қызмет
- C) демократиялық қызмет
- D) жауапты қызмет
- E) өзекті қызмет

3. Мемлекеттік әкімшілік лауазым санаты – бұл:

- A) уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық-өкімдік функцияларды жүзеге асыратын тұлға
- B) мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданған адамға бекітілген, оның кәсіби даярлығына практикалық көмек көрсететін мемлекеттік қызметші
- C) мемлекеттік әкімшілік лауазымдар
- D) тиісті біліктілік талаптары бар мемлекеттік әкімшілік лауазымдар жиынтығы
- E) мемлекеттік органда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерің қаражатынан ақы төленетін лауазымдық қызмет атқаратын Қазақстан Республикасының азаматы
- F) тағайындалуы (сайлануы), босатылуы және қызметі саяси-айқындаушы сипатта болатын және саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін жауапты болатын мемлекеттік қызметші;

4. Мемлекеттік қызмет нәтижелілігін бағалаудың ең сәтті әдістерін енгізген мемлекеттер қатарына жатқызуға болады:

- A) Ұлыбритания, Канада, Қытай
- B) Оңтүстік Корея, Аустарлия, Канада, Ұлыбритания
- C) Оңтүстік Корея, Қытай, Канада
- D) Аустралия, Канада, Нидерланды, Ұлыбритания, Жаңа Зеландия
- E) Жаңа Зеландия, Аустралия, Канада
- F) Ұлыбритания, Аустарлия, Канада, Нидерланды
- G) Ұлыбритания, Аустарлия, Ресей, Канада, Қазақстан

5. Мемлекеттік қызмет қатаң негізделеді:

- A) Мемлекеттік реттеу қағидаларына
- B) Мемлекеттік қызметкерлердің құқығына
- C) Әлемдік экономика қағидаларына
- D) Конституция нормасына
- E) Заң нормасына
- F) ҚР Президентінің жарлығына

6. Қазақстан Республикасының Үкімет мүшелері ант береді:

- A) ҚР халқына және ҚР Президентіне
- B) ҚР резиденттері мен бейрезиденттеріне
- C) ҚР Үкіметіне және ҚР Президентіне
- D) ҚР Президентіне
- E) ҚР азаматтарына
- F) ҚР Парламентіне және ҚР Президентіне
- G) ҚР Парламентіне

7. Мемлекеттік басқару арқылы жүзеге асырылатын кәсіби мемлекеттік қызметкерлердің функциялары мен міндеттері:

- A) әкімшілік – саяси құрылым
- B) әлеуметтік сфераның міндеті
- C) болжам
- D) жоспарлау
- E) экономикалық салаларды дамыту міндеті
- F) жарғылықтар мен заңдарды бекіту
- G) саяси сфералық міндеті

8. Мемлекеттік қызметшілер міндетті:

- A) ҚР заңын білуге
- B) өзінің біліктілігі мен кәсіби дәрежесін жоғарылатуға
- C) қызметтік міндеттемелерге сәйкес жүктелген құқықтық өкілеттіліктерді жүзеге асыруға
- D) өзінің міндеттерін тиімді орындауға
- E) тәртіпті болуға
- F) жауапты болуға

9. Мемлекеттік қызметшінің негізгі міндеттері:

- A) қызметтік этика ережелерін сақтау
- B) демократиялық қағидаларды ұстану
- C) мемлекеттік және еңбек тәртібін сақтау
- D) экологиялық талаптарды сақтау
- E) мемлекеттің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету
- F) уақытылы қызметке келу
- G) демалыс тәртібін сақтау

10. Мемлекеттік қызметшілер қылмыс және басқа да құқық бұзушылықтар жасағанда жауапқа тартылады:

- A) әкімшілік
- B) қаржылық
- C) материалдық
- D) экономикалық
- E) қылмыстық

11. Қызметші жақтардың қызметтерін жүзеге асыру бөлінеді:

- A) аттестация кезеңіне дейін
- B) жыл ішінде
- C) арнайы өкілеттілік бойынша
- D) бір күнтізбелік жылы
- E) уақытша
- F) зейнеткерлікке дейін
- G) еңбек демалысына дейін

12. Азаматтар «Б» корпусының кадр резервіне алыну үшін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық органдарын ұсынатын құжаттар:

- A) «Б» корпусының кадр резервіне алу туралы шешімді
- B) орта білімі жөніндегі құжаттардың көшірмелері
- C) өтініш және мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша толтырылған сауалнама
- D) отбасы мүшелерінің құжатары
- E) 5x6 см көлемдегі бір фотосурет
- F) бұрын мемлекеттік қызметте болғандығын растайтын құжаттар

13. «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына өзгертілген мемлекеттік қызметшілер «А» корпусының кадр резервіне алынуы

- A) Қазақстан Республикасының Парламенті бекітетін
- B) Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік шешімі бойынша
- C) Ұлттық комиссияның шешімі бойынша
- D) Агенттік төрағасы бекітетін
- E) «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңда көрсетілген
- F) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін

14. «А» корпусы бұл:

- A) Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын кадр резервіне іріктеудің және конкурстық іріктеудің ерекше тәртібі сондай-ақ арнайы біліктілік талаптары көзделген басқарушылық деңгейдегі мемлекеттік әкімшілік лауазымдар
- B) Б корпусының лауазымды тұлғалары
- C) Мемлекеттік қызметтегі барлық қызметкерлер
- D) Қазақстан Республикасы Парламенті қана тағайындай алатын қызметкерлер
- E) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кадр саясатымен айналысатын Ұлттық комиссияның шешімін қажет ететін тұлғалар
- F) «А» корпусына енгізілмеген мемлекеттік әкімшілік лауазымдар мемлекеттік әкімшілік лауазымдар

15. Мемлекеттік қызметшілердің дербес деректерін, бағалау, аттестаттау және оқудан өту нәтижелері туралы мәліметтерді есепке алуды жүзеге асырады:

- A) аудандық әкімшіліктер
- B) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңында көрсетілген персоналды басқару қызметі
- C) ҚР Үкіметі
- D) кадр қызметі
- E) мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік

16. Мемлекеттік қызмет нәтижелілігін бағалаудың ең сәтті әдістерін енгізген мемлекеттер қатарына жатқызуға болады:

- A) Оңтүстік Корея, Қытай, Канада
- B) Ұлыбритания, Аустарлия, Ресей, Канада, Қазақстан
- C) Ұлыбритания, Канада, Нидерланды, Аустралия, Қытай
- D) Жаңа Зеландия, Аустралия, Канада
- E) Ұлыбритания, Аустарлия, Канада, Нидерланды
- F) Оңтүстік Корея, Аустарлия, Канада, Ұлыбритания
- G) Ұлыбритания, Канада, Қытай

17. Мемлекеттік қызметкерлердің қызметін бағалау оның келесі кәсіби компетенцияларына талдау жасайды:

- A) сыпайы бола білу
- B) жұмысқа өз уақытысында келу
- C) саяси диалогтарды жүргізу қабілеттілігі
- D) жұмыс бабында қалыптасқан қиындықтарды жүйелі талдай алу
- E) экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайларды талдау қабілеті
- F) ішкі және сыртқы нормалау шарттарында жұмыс істеу қабілеті

18. Тиімдікті бағалау үшін ақпарат көздері болып табылатындар:

- A) Жариялылық қағидаты - құпиялылық режимін және қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғауды қамтамасыз етуді ескереді
- B) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің актілері мен тапсырмаларының орындалуын бақылау нәтижелері
- C) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі және бағалау жүргізуге уәкілетті органдар жүргізген тексерулер нәтижелері
- D) Ашықтық қағидаты - ақпарат көздерінің шығу тарихын тексеру мүмкіндігі
- E) Мемлекеттік органдардың есепті кезеңде жүргізген қызметі туралы есебі

19. Тиімділікті бағалау қағидаттары:

- A) заңдылық қағидаты - тиімділікті бағалауды Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікте жүргізу
- B) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган
- C) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі
- D) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган (бұдан әрі - бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган)
- E) дәйектілік қағидаты - тиімділікті бағалаудың нәтижелерін тиісті құжаттармен растау

20. Келесі тұлғалар мемлекеттік қызметкер бола алмайды:

- A) Заңда белгіленген шектеулерді орындаудан бас тартқан азаматтар
- B) 30 жасқа толмаған
- C) сотталған
- D) 25 жасқа толмаған
- E) Мемлекеттік тілді білмейтін азаматтар

21. Азаматтар мен заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету, заңдарда белгіленген тәртіп пен мерзімде азаматтардың өтініштерін қарау, олар бойынша қажетті шаралар қолдану – бұл

- A) мемлекеттік қызметшінің құқығы
- B) Қазақстан Республикасының Заңнамалық актілерінде көрсетілген мемлекеттік қызметшінің өкілеттілігі
- C) Қазақстан Республикасының Заңнамалық актілерінде көрсетілген мемлекеттік қызметшінің жауапкершілігі
- D) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңында көрсетілген мемлекеттік қызметтің принципі
- E) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында көрсетілген мемлекеттік қызметтің принципі
- F) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңында көрсетілген мемлекеттік қызметшінің негізгі міндеті

22. Мемлекеттік қызметкерді марапаттау:

- A) Қызметте көтермелеу
- B) Мемлекеттік қызметкерге алғыс жариялау
- C) Мансабын жоғарылату
- D) Демалысқа жіберу
- E) Бір мезгілді ақшалай марапаттау
- F) Алғыс жариялау
- G) Қымбат сыймен марапаттау

23. Мемлекеттік қызметкерлерге келесідей тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін

- A) Ескерту
- B) Жалақы деңгейінің төмендетілуі
- C) Қатан ескерту
- D) Жаза
- E) Демалыс күнге жұмыс істету
- F) атқарып отырған қызметтен босатылуы

24. ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік:

- A) оқуды жүргізеді
- B) мемлекеттік қызметшілерге таңдау жасайды
- C) мемлекеттік қызмет бойынша персоналдың республикалық дерекқорын жасайды
- D) президентке мемлекеттік қызметтегі кадр резервінің негізгі Құжатын бекітуді жасайды.
- E) еңбек ақы жүйесінің жүзеге асуы жайлы ұсыныстар әзірлеп, мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік-құқықтық қорғалуын қамтамасыз етеді

25. Бос әкімшілік мемлекеттік қызметтерге тестілеу бағдарламасы қамтиды:

- A) «Мемлекеттік қызмет» туралы заңын
- B) ҚР «Инвестиция» туралы заңын
- C) Еңбек кодексін
- D) «ҚР Президент» туралы Конституциялық заңын
- E) ҚР Конституциясын

**Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**